

**«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
«№32 «ҚУАНЫШ» БАЛАБАҚШАСЫ» МКҚК**

«Ақтөбе қаласы білім бөлімі» ММ
2025 жылғы «24» 08
№ 394 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ



«Асық ойыны – ұлттық мұра»

бағдарламасы
ортаңғы тобына арналған

**Ақтөбе қаласы
2025 жыл**

«Асық ойыны – ұлттық мұра» бағдарламасы «Асық» тақырыбында мұғалімдерге арналған әдістемелік оқыту туралы бағдарламаларына сүйене отырып, іс-тәжірибеден жинақталып құрастырылған.

Құрастырған: Шабакова Г.Ш.


Пайдаланушы: Шабакова Г.Ш.

№32 «Қуаныш» балабақшасының педагогикалық кеңесі № 1 отырысында «Асық ойыны – ұлттық мұра» ойынының бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1 25 08 2025 жыл



№32 «Қуаныш» балабақшасы меңгерушісі:



Р.А. Лекерова

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Асық ойыны – ұлттық мұра» асық ойынының бағдарламасы мақұлданды.

Хаттама № 1



тапсыру 2025 жыл

Сараптау комиссиясы төрағасы

М.Косымбаева

**№32 «Қуаныш» балабақшасының
тәрбиешісі Шабакова Гулден Шуакбаевнаның
«Асық ойыны – ұлттық мұра» бағдарламасына**

Пікір

«Асық ойыны – ұлттық мұра» атты бағдарламасы ортаңғы топ балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес. Асық ойыны – қазақ халқының көне заманнан келе жатқан ұлттық мұраларының бірі. Бұл ойын тек балалардың ермегі ғана емес, ұрпақты ептілікке, дәлдікке, төзімділікке және әділдікке тәрбиелейтін маңызды құрал болған. Асық ойнау арқылы балалар өзара сыйластықты, бәсекелестікті және жеңіске жетудің маңызын түсінеді. Сонымен қатар, асық ойыны халықтың тұрмыс-тіршілігімен, мал шаруашылығымен тығыз байланысты болып, ұлттық дүниетанымның айқын көрінісін көрсетеді. Қазіргі таңда асық ойынын жаңғыртып, оны жас ұрпаққа насихаттау – ұлттық мәдениетімізді сақтаудың және рухани құндылықтарды дамытудың маңызды жолы.

Асық ойынының бірнеше түрі бар. Олар: «Алшы», «Ханталапай», «Бес асық», «Омпы», «Тәйке» сияқты ойындар. Әр ойынның өз ережесі болады. Асықтың төрт қыры бар: алшы, тәйке, бүк, шік. Осы қырларына байланысты ойын нәтижесі анықталады.

Асық – қазақ балаларының ең сүйікті де сүйіп ойнайын ойыны. Бұл ойын балаларды мергендікке, төзімділікке баулиды. Қазақтың өмірінде мал шаруашылығы қандай маңызды болғандығының бір дәлелі осы – асық ойыны. Асық уақ малда қой, ешкіде, киікте, тау текеде болады. Асықтың бір кереметі оны ешкім қолдан жасап жатпайды. Табиғи нәрсе. Оның жақсы салмақты түрлерінен сақа жасалынады. Қазаққа «қой асығы болғанмен қолыңа жақсы сақа тұт, жасы кіші болса да ақылы асса аға тұт» деген мақал бар. Бір нәрсенің дайын екенін білдіретін «сақадай сай» сөз тіркесі де бар. Асықтың Алшы, тәйке, бүк, шік, Омпа деген жақтары болады. Оның ішінде алшы жатысын өте бағалаған. Өмір жолы болған дәулетті адамдарды «асығы алшысынан түсіп тұр» деп болжаған.

Қорыта айтқанда бағдарламаның мазмұны балалардың жас ерекшеліктеріне лайықты, «Асық» бағдарламасы арқылы – ел руханияты мен тәрбие саласына тың серпін беретін, ұлт болмысын ұлықтайтын құнды жоба болады. Осы «Асық» бағдарламасын мектеп дейінгі балаларды оқытуда, қолдануға толықтай ұсынамын.

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің
«Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту»
кафедрасының аға оқытушысы, PhD** Шабакова А.Б.



ТҮСІНІК ХАТ

«Асық ойыны – ұлттық мұра» асық ойынының түрлерінің бірі. Асық ойынының түрлерін үйрету арқылы эстетикалық, патриоттық, мәдени тәрбие беру. Бағдарлама 36 сағатқа жоспарланған.

Мақсаты: Ұлттық асық ойынын жандандырып, жоғары деңгейде балалардың ұлттық ойынға деген қызығушылығын қалыптастыру. Шығармашылық, ізденімпаздық, ойлау қасиеттерін дамыту., шығармашылықтарын дамыту, ұжымдасып жұмыс істеуді қалыптастыру. Асық ойынын жоғары деңгейде меңгертіп, ойлау стилі мен рухани мәдениеті қалыптасқан, өмірде өз орнын табатын, эстетикалық сауаттылық сауатты тұлға тәрбиелеп даярдау.

Өзектілігі: Кез-келген спорттық ойындардан кем түспейтін асық ойынының жас ұрпаққа берер тәрбиелік маңызы да зор. Ойынның бұл түріне жас жеткіншектердің ықыласын оятып, қызығушылығын арттыру. Бұл жұмыста бірқатар асық ойынының түрлеріне толық түрде талдау жасалып, жажақты түсінік беру. Әр педагог балалардың деңгейіне байланысты асық ойындарын таңдай алады. Ойынды оқыта отырып, топ аралық, балабақшаішілік жарыстар ұйымдастыруға да болады. Балалардың өз елінің ұлттық ойынын дұрыс ойнау ережелерін түсіну.

Міндеті: Мектепке дейінгі балалардың алған білімдерін шыңдап шеберліктерін қосымша білім беру арқылы әрі қарай дамыту. Балалардың дарынын ашу. Асық ойынын жетік меңгере алатын тұлға қалыптастыру. Жоспарда асық ойынының жүрістері, ойнау деңгейлігі көрсетіледі. Жоспар көптеген әдебиеттерден методикалық журналдағы қажетті мағлұматтардан жасақталған. Қазіргі ұрпақтың санасына алыстап бара жатқан бабалары-мыздың ұлттық ойын түрлерін әсіресе асық ойынын жандандыру басты міндет болып табылады. Әсіресе осы ұлттық ойын түрлерін үйрету жайы, оған жастай баулап тәрбиелеу ісі баршамыздың алдымызға байыпты міндеттерін тартады. Жас ерекшеліктеріне байланысты кіші буыннан бастап қамтиды. «Асық ойыны – ұлттық мұра» бағдарламасы ортаңғы топқа арналып 1 жылға 36 сағат есептелінді, аптасына 1 рет, ұйымдастырылған іс-әрекетінің ұзақтығы 7-15 минут.

Бағдарлама бойынша балалар нені меңгеру керек:

Балалар асық ойынын ойнау барысында:

- тарихын, жүріс тәсілдерін меңгереді;
- ойлау қабілеті артады;
- ойында ойнау барысында жаңа әдістерін қарастырады;
- өз ойындарына талдау жасайды;
- бір-біріне жаңа тәсілдерін сынай отырып талдайды.

Берілетін білім мен тәрбие дағдысы:



- халқымыздың ұлттық ойындарын бойларына сіңірту;
- ұлттық, патриоттық, эстетикалық тәрбие беру;
- ойын ережесін сақтай білуге;
- ойын жүрістерін дұрыс орындауға бағыт, бағдар беру.

Күтілетін нәтиже:

-асық ойынының түрлі әдіс-тәсілдерін жетік меңгеріп орындай алады және жұмыстарын қортыдылап, дәлелтеп береді.

-алдымен баланың ұлттық спортқа, асық ойынына деген қызығушылығы пайда болады.

-ойынға деген бейімділігі мен икемділігі қалыптасады;

-ойлау қабілеті артады;

-шеберлік, іскерлік дағдылары шыңдалады.



**«Асық ойыны – ұлттық мұра»
3-жас (Ортаңғы топ балалары үшін))**

(Барлығы 36 сағат, аптасына 1 рет)

№	Тақырыбы:	Сағаты саны:
«Асық ойыны – ұлттық мұра»		
1	Кіріспе «Асық» тарихына шолу	1
2	Асықпен танысу	1
3	Асықтың атаулары	1
4	Асық ойыны барысында қолданылатын құралдар мен әдістер.	1
5	Асық – ұлттық ойын.	1
6	Асық ойыны – халық мұрасы	1
7	Асық – балалық шақтың белгісі	1
8	Ұлттық құндылықтағы асық	1
9	Асық – қазақ мәдениетінің айнасы	1
10	Асықтың түрлері мен маңызы	1
11	Асық ойынының бала тәрбиесіндегі рөлі	1
12	Асық ойыны және салауатты өмір салты	1
13	Асық ойынының әдіс-тәсілдері	1
14	Асық ойыны – ұрпақ сабақтастығы	1
15	Асық ату. Асықты асыққа тигізу	1
16	«Алшы түскен асық»	1
17	«Асық сыры»	1
18	Белбеу тастау (асықпен)	1
19	«Ұтыс» ойыны	1
20	«Аркалыспак» ойыны	1
21	«Барыңды сал» ойыны	1
22	«Бес асық» ойыны	1
23	«Тас қала» ойыны	1
24	«Бес тас» ойыны	1
25	«Мергендік таныту» ойыны	1
26	«Қол добы» ойыны	1
27	«Асық жарыс» ойыны	1
28	Асық шашу ойыны	1
29	«Тез жина» ойыны	1
30	«Бәйге» ойыны	1
31	«Тәйке» ойыны	1
32	«Қаржу» (қақпақыл) ойыны	1
33	«Шік-бүк» ойыны	1
34	«Бес табан» ойыны	1
35	«Кім мерген?» ойыны	1
36	Шыр «Алшы» ойыны	1

БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ

1. Асық ойынының ортақ жиынтығы. Асық ойыны баланың жастайынан ой-қабілетін шыңдап, дәлділікке, ептілікке, ширақтылыққа, ұстамдылыққа, алғырлыққа, сыйластыққа тәрбиелеген. «Ханталапай» ойыны туралы балаларға толық түсінік беру, асықпен ойнау ережелерімен таныстыру. Асықтың түрдерін көрсеті, атауларын тану және дұрыс атап үйрету. Асық ойынын ұлтымыздың ерте заманнан келе жатқан ұлттық ойын екенін түсінжіріп әңгімелеу. Асық ойынының толық ережелерін, қыр-сырларын зерттеп, ізденіс жұмыс жасап, асықтың түрлері мен ерекшеліктерін білу. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, қол-көз үйлесімін жақсарту. Жалпы балалардың қозғалыс белсенділігін арттыру. Балаларға ойынды көркем әрі тартымды етіп ойлауға, ұлттық құндылық пен мәдениеттің бір бөлшегі ретінде қызығушылығын молайту. Асықты дәл көздеп атуға немесе белгілі бір шеңберден шығарып жіберу, нысананы дәл көздеуге үйрету. Балалардың дәлдігі мен ептілігін, ойлау қабілетін, тактикалық ойлауын, ұлттық сана-сезімін және достыққа, тәртіпке бейімдігін қалыптастыру. Сақа асығы балалардың бойындағы командалық рухты көтеру, балалар арасында ынтымақтастықты дамыту. Ойынды назар қойып ойнауға және шоғырлану дағдысын дамыту. Балалардың бірге жұмыс істеуге, стратегия құру дағдыларын дамыту. өзара түсіністік пен сенімдерін арттыру. Балалардың ойын арқылы бұлшықеттерін шынықтыру, жалпы физикалық денсаулықтырын жақсарту. Ойын ережелерін сақтауға, әділ ойынға баулу. Жеңісті де, жеңілісті де спорттық рухпен қабылдауға тәрбиелеу.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі әдебиеттер:

1. Асық – қазақ халқының ұлттық ойыны [Мәтін]:оқу құралы/Е.М.Мұхиддинов, К.Н. Жанғатанова; ҚР Ғылым және жоғары білім м-гі, Қазақ ұлттық қыздар пед.ун-ті. –Алматы: КЕМЕЛ КІТАП, 2024-204Б :сурет.
2. «Асық және Шекемтас» мұғалімдерге арналған әдістемелік оқыту құралы. «Жеке»баспа-2015ж
3. Г.Г.Ерғожина. Ұлттық ойындардың білімділік, тәрбиелеік рөлі мен мәні// Қазақтан-Заман. 2012.22 наурыз. № 13.-16б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы, 2007. 106-108б
2. Қазақ халқының энциклопедиясы 2003ж
3. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы 2005ж
4. Дене шынықтыру оқу әдістемесі №4- Т.Базарбег; С.Қасымбекова «Атамұра»2000ж
5. Дене тәрбиесі оқыту әдістемесі. Алматы. 2002ж. А.Құлназаров.,С.Тайжанов.
6. Т.Асқартегі Асық – мергендікке тәрбиелейді // Азия тарзит. – 2004. №б. Б. 53-55.
7. Қазақ Совет энциклопедиясының 1 томы. 2006.22нарыз. №63.-10б.